



*Тақырыбы: Қылмыстық кодекс*

# *Жоспар:*

*I. Кіріспе*

*II. Негізгі бөлім*

□ Қылмыстық кодекс (ағылш.  
**criminal code**; - Бірыңғай,  
жүйеленген заңнамалық акт,  
қылмыстық заң.

□ Қылмыстық құқықтың дерек  
көздері. Жаза және оның түрлері

□ Қылмыстық жауаптылық.

*III. Қорытынды*



# КІРІСПЕ

*Өмір болғаннан кейін онда қылмыстық құбылыстардың болатыны заңдылық.*

*1997 жылы шілденің 16-сында Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық Кодексі қабылданып, ол 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енді.*

*Мемлекетіміздің ата Заңының 1 – бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырылды. «Оның басты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» Жаңа қылмыстық заңның ең басты міндеттерінің бірі адам, қоғам, мемлекет мүддесін қорғау болып табылады.*

*Сондықтан заңды білу – заман талабы.*

*Қылмыс дегеніміз – адам әрекетінің бір түрі.*

*Қылмыс – Қазақстан Республикасының қылмыстық заңына сәйкес, жазалау қатерімен тыйым салынған, қоғамға қауіпті әрекет (Іс- әрекет немесе әрекетсіздік).*

*Қылмыстық жаза – сот үкіметімен қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған тұлғаға қатысты Қылмыстық кодексте белгіленген аталған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын айыруға немесе шектеуге бағытталған мемлекеттің мәжбүрлеу саласы.*





**Қылмыстық құқық** ҚЫЛМЫСТЫҚ заңнаманың міндеттерімен қағидаттарын, қылмыс ұғымын, қылмыстық жауапкершіліктің негізін, қылмыстың түрлері мен белгілерін, жазаны, қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатудың негіздерін анықтайтын заңды нормалардың жиынтығы.

**Пәні:** мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғау барысында туатын қоғамдық қатынастар.

**Субъектісі:** Қылмыс жасаған жеке тұлғалар мен мемлекеттің құзіретті органдары(тергеу, прокуратура, сот т.б)

# Қылмыстық құқықтық жүйе

Жалпы бөлім

Ерекше бөлім

Ерекше бөлімнің баптарын дұрыс түсініп, қолданудың жалпы ережелері мен институттары, қылмыстық жауапкершіліктің негідері, қылмыстық заңнаманың міндет, жаза тағайындау т.б

Қылмыс және оның белгілері деп саналатын әрекеттерді көрсететін нормалардың жиынтығы.

## Қылмыстық құқықтың міндеттері:

- адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен Заңды мүдделерін;
- Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті;
- Қоршаған ортаны;
- ҚР-ның конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын;
- Қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін Қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау;
- Қылмыстың алдын алу.

## Қылмыстық құқықтың қағидаттары:

- Зандылық қағидаты;
- Теңдік қағидаты;
- Әрекеті не әрекетсіздігі үшін кінәлі болған тұлғаны ғана қылмыстық жауапқа тарту қағидаты;
- Әділеттілік қағидаты;
- Ізгіліктік қағидаты;

Қылмыстық заң-  
жасаған қылмыс  
үшін жауаптылықты  
белгілейтін,  
мемлекеттік биліктің  
жоғары  
органдарының  
нормативтік актісі.

Қылмыс-тық құқық-тын  
дерек көздері

Қылмыстық  
заңнама-  
мемлекеттік  
биліктің құзіретті  
органдары  
қабылдайтын  
қылмыстық-  
құқықтық  
актілердің  
жиынтығы.



Қылмыс- Қылмыстық кодекстің 9- бабында көрсетілгендей,  
Қылмыстық Кодексте жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты  
қоғамдық іс- әрекет немесе әрекетсіздік.



*Қылмысты жіктеу- қоғамға жасалған қауіпті әрекетті ауырлық дәрежесі мен сипатына қарай бөлу.*

*Онша ауыр емес қылмыс*

*Ерекше ауыр қылмыс*

*Ауырлығы орташа қылмыс*

*Ауыр қылмыс*

# ***ҚЫЛМЫСТЫ ЖАСАУ САТЫЛАРЫ:***




***Қылмысқа дайындалу;***

***Қылмыс жасауға оқталу;***

***Аяқталған қылмыс.***

# Қылмысты болдырмайтын мән-жайлар:



Қылмыспен күресу барысында мемлекет әр түрлі әдістер мен шаралар қолданады. Солардың бірі – **ЖАЗА**.

**ЖАЗА**– Қылмыстық кодекстің 38- бабына сәйкес соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы..

- ✓ **Жазаның мақсаты:**
- ✓ Әділеттілікті қалпына келтіру;
- ✓ Сотталған адамды түзеу;
- ✓ Сотталған адамның да, басқа адамның да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру.

**Жаза беру**

**жазалау**

**Жазаның  
қасиеті**

## Жазаның түрлері:

- Айыппұл салу;
- Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- Қоғамдық жұмыстарға тарту;
- Түзеу жұмыстары;
- Әскери қызмет бойынша шектеу;
- Бас бостандығын шектеу;
- Қамау;
- Тәртіптік әскери бөлімде ұстау;
- Бас бостандығынан айыру;
- Өлім жазасы.



# Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдедетін мән-жайлар:

- ❑ Алғаш рет кішігірім қылмыс жасау;
- ❑ Айыпкердің кәмелетке толмауы;
- ❑ Жүктілік;
- ❑ Айыпкердің жас балалары болуы;
- ❑ Күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не
- ❑ өзгеде тәуелділігі себепті қылмыс жасау;
- ❑ Негізді тәуекел, бұйрықты немесе өкімді орындау жағдайында қылмыс жасау;
- ❑ Жеке басындық не отбасылық , өзгеде ауыр мән-жайлар тоғысуының салдарынан не жаны ашығандық себебімен;
- ❑ Шын жүректен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмысты ашуға қылмысқа қатысушыларды әшкерелеуге және белсенді жәрдемдесу;





## Қылмыстық-жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар:

- Қылмысты әлденеше рет жасау, қылмыстардың қайталануы;
- Қылмыс арқылы ауыр зардаптар келтіру,
- Қылмыстық қауымдастықтың, ұйымдасқан топтың құрамында қылмыс жасау;
- Қылмыс жасағанда айрықша белсенді рөл атқару;
- Айыпкен үшін психикасының бұзылуының ауыр түрінен зардап шегетіні белгілі адамдарды не қылмыстық жауаптылық жасына толмаған адамдарды қылмыс жасауға тарту;
- Аса қатыгездікпен, садизммен, қорлаумен, сондай-ақ жәбірленушіні қинап қылмыс жасау;
- Алкогольдік, есірткілік не уыттылық еліту жағдайында жасау;
- Өкімет өкілінің нысанды киімін немесе құжатын пайдаланып қылмыс жасау.




Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-мәдени, құқық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыс- **СЫБАЙЛАСЖЕМҚОРЛЫҚ!!!!**



**Сыбайлас жемқорлық** дегеніміз-мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдаланып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттілігін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктен мен артықшылықтарды алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуын айтамыз.

Қабылданған мерзімі	ҚР-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған құқықтық нормативтік актілер
1997 жыл 16 шілде	Қылмыстық Кодекс
1998 жылы 2 шілде	“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң
2001 жыл 5 қаңтар №534 жарлығы	“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама”

Күкүк коргау органдары қызметкерлерінің арасындағы сыбайлас жемқорлыққа негізделген қылмыстар:



- ❑ Кінәсіз адамды қылмыстық жауаптыққа парту;
- ❑ Қылмыстық жауаптылықтан көрінеу босату;
- ❑ Көрінеу заңсыз ұстау;



- ❑ Қамауға алу не ұстау;
- ❑ Жауап беруге мәжбүр ету;
- ❑ Әділетсіз сот үкімі, тб..



*Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 23 желтоқсандағы № 1255 Жарлығымен қаржы полициясы қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі Агенттігі (қаржы полициясы) болып қайта құрылды.*



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫСҚА  
ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ КҮРЕС АГЕНТТІГІ  
ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:

**144**

[WWW.FINPOL.KZ](http://WWW.FINPOL.KZ)

Егер сіз сыбайлас жемқорлықтың белең алғанын байқасаңыз 144 сенім телефонына хабарласыңыз!!!! Веб-порталы: [www.finpol.kz](http://www.finpol.kz)



# Қорытынды

Осы тақырып бойынша қылмыс туралы азда болса да мағлұмат алдық. Қоғамдағы және құқық саласындағы

барынша жағымсыз қауіпті әрекеттің бірі – қылмыс.

Нарықтық заманда, қылмыстың өршіп тұраған заманында

аяғыңды аттап бассан қылмысқа кезігуің мүмкін.

Қылмыс-

пен күресудің, іс жүргізетін органдардың қызметінің тиімді-

лігін арттыру және Қылмыстық соттық істі өз уақытында орындау мақсатында іс жүргізу мерзімдерін дұрыс түсіну мен қолдану практикалық және моральды маңызға

ие. Қойылған міндеттерді орындау үшін Қылмыстық Кодекс қылмыстық жауапқа тартудың негізін және жеке адам, қоғам, мемлекет өміріне қандай қауіпті іс-қимыл Қылмыс болып табылатындығын, жасалаған қылмысқа



# Қолданылған әдебиеттер:



- Қ.И. Оспанов “Құқық негіздері”  
Алматы, “Жеті жарғы” 2007 жыл
- Т.Ағдарбеков, А.Әлайдар, А.Алайдаров “Құқық негіздері”  
Алматы, “Заң әдебиеті” 2009 жыл
- *GOOGLE. KZ*
- Қ.Д. Жоламанов “Мемлекет және құқық теориясы”  
Алматы, 2004 жыл







